

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№64 (3595) 29 тамыз 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АТА ЗАҢ - АЛТЫН ҚАЗЫҒЫМЫЗ



Ата Заң – алтын қазығымыз. Әрбір зайырлы мемлекеттің іргетасын бекітіп, тұғырын биіктетуде Конституцияның орны бөлек. Қабылданғанына биыл 28 жыл толып отырған біздің Конституциямыз да Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, ел тұрғындарының құқығы мен бостандығының сақталуына толық кепілдік беріп келеді. Адами құндылықтар басты орынға қойылып, құқықтық теңдікке басымдық берілген бас құжаттың 1995 жылы 30 тамызда қабылданғаны белгілі. Ел өмірін түбегейлі өзгертіп, құқықтық салаға үлкен бетбұрыс жасаған бұл тарихи датаның халқымыз үшін аса қастерлі, ерекше бағалы болатыны сондықтан.

(Соңы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бақыт НҰРМУХАНОВ,
Конституциялық Сот төрағасының
орынбасары:

«КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТИСТІКТЕРДІ ЕСКЕРУ МАҢЫЗДЫ»

– Бақыт Маратұлы, 2022 жылы Ата Заңымызға маңызды өзгерістер енгізілді. Олар қоғам мен мемлекеттің одан әрі дамуына қалай әсер етті?

– Өткен жылы ел Президенті Қ.Тоқаевтың бастамашылығымен елімізде ауқымды конституциялық реформалар жүргізілді. Жалпы, мұндай реформалар жаңа бір даму сатысына өту кезінде алға қойылған стратегиялық мақсаттарға жету үшін қажетті бетбұрыс шараларына берік саяси-құқықтық негіздер қалап, жан-жақты түрленуге мықты серпін беру үшін жасалатыны белгілі. Халықтың тікелей қатысуымен қабылданған конституциялық түзетулер мемлекеттік билік және қоғамдық институттар қызметінің принциптерін өзгертіп, экономика, саясат, құқық салаларын қайта жаңғыртуға жұмыс жасауда. Мәселен, осы жылы Парламент Мәжілісіне және жергілікті өкілді органдарға жаңа ережелерге сәйкес сайлау өтті. Оған қатысқан саяси партиялар саны артты, енді өкілді органдарда бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттар да бар. Заң шығару процесі жаңғырды, ол барынша ашық және сайлаушылардың мүдделерін ескеруге бағытталды. Әкімшілік реформа жалғасып, жергілікті өзін-өзі басқару тетіктері кеңейді.

Құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыратын шараларды атап өткен жөн. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесі анықталып, институционалдық, құрылымдық, кадрлық жағынан күшейтілуі адами құндылықтарды қорғауда маңызды. Мемлекеттіліктің құқықтық негіздерін, адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау үшін Конституциялық Соттың құрылғанына ерекше назар аударғым келеді. Осылайша екі жүз жылдан астам тарихы бар конституциялық бақылауды жүзеге асыратын Қазақстанда жаңа органның қалыптасуы отандық конституциялық әділет жүйесінің дамуында жаңа бір парақты ашты.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

АРАЛАС МЕКТЕПТІҢ КӨБЕЮІ АЛАҢДАТАДЫ

Ұлттың жарқын болашағы ұлт тілінде білім алудан басталады

Бүгінде республика бойынша 506 мектеп жаңартылып, оның 107-сіне ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілген. Сондай-ақ 185 мектепте жиһаз ауыстырылып, 201 кітапхана мен 119 асхана жаңартылды. 261 мектепке турникет, бейнебақылау жүйесі орнатылып, қауіпсіздік шарасы күшейтілді. Сонымен қатар, мектептерде робототехника, химия, биология, физика және STEM пәндері бойынша кемінде 1000 заманауи кабинет іске қосылмақ. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 90 мектепте күрделі жөндеу жүргізілді.

Астанада өткен республикалық тамыз мәслихатында белгілі болғандай, «жайлы мектеп» реформасы одан әрі жалғасын таппақ. Сессияның негізгі баяндамашысы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев келесі жылы 130 мың оқушыға арналған 154 мектеп салу жоспарланып отырғанын айтты. Президент тапсырмасымен Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында және Алматы мен Шымкент қалаларында Оқушылар сарайының құрылысы жүріп жатыр екен.

Жаңа оқу жылында балалардың мектепке әзірлігі де мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Жалпыға бірдей білім беру қо-

рынан жыл сайын аз қамтылған 460 мыңнан астам отбасының балалары киім-кешек, оқу құралымен қамтамасыз етілуде. Биыл да халықтың әлеуметтік осал топқа жататын 400 мыңнан астам бала материалдық көмек иеленді. Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратынша, әр оқушының киім, оқу құралын сатып алуға бөлінген қаражаттың ең төменгі мөлшері – 40 567 теңге. Ақша ата-аналардың шотына аударылады. Сондай-ақ, 1-4 сынып оқушылары түгелдей тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілмек.

Тамыз мәслихатында сөз алған Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың

айтуынша, мұғалімдікті тартымды мамандық ету, оған ұрпақ тәрбиелеу ісінің маңызын, жауапкершілігін жан-жүрегімен ұғатын жандарды тарту бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Соның бірі ретінде бүгінде мұғалімдерді марапаттау тетігін өзгерту мәселесі пысықталып жатыр. Осыған орай «Біз мұғалімнің бұрынғы Ұстаз бейнесін қайта жаңғыртуға міндеттіміз. Осы мақсатта министрлік білім беру саласында 30 және одан да көп жыл еңбек өтілі бар ұстаздарды «Еңбек ардагері» медалімен марапаттау туралы шешім қабылдады» деді ол. Сонымен қатар жаңа оқу жылында барлық санаттағы мұғалімдердің жалақысы көтерілмек. Кейбір жоғары санаттағы мұғалімдердің жалақысы тіпті 3 есеге дейін өссе, санаты жоқ мұғалімдер жалақысы 25 пайызға артады.

Тамара Босымбекқызының айтуынша, Президенттік кадрлық резерв үлгісі бойынша «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы қолға алынған. Онда тез өзгеретін ортаны басқаруға дайын көшбасшылар

мен мамандарды таңдау және оқыту шаралары қамтылған. Жоба пилоттық режимде іске қосылып, қазірдің өзінде 275 адам іріктелуде. Бұл шара аясында білім беру ұйымдарының қазіргі мықты әрі тәжірибелі басшылары «Болашақ» бағдарламасы бойынша үш және алты айлық тағылымдамадан өтуге жіберілмек.

Тоқатерін айтқанда, білім беру ісінде оң өзгеріс аз емес. Алайда, бір мәселенің басы ашық болып тұр. Ол мемлекеттік тілге қатысты. Елімізде 7 мыңға жуық мектептің жартысынан сәл ғана асатыны қазақ тілінде оқытса, 1 мыңнан астамы орыс тілінде, 5-уі ұйғыр тілінде білім береді екен. Ал, 2 мыңнан астамы аралас мектеп. Орыс мектебі мен аралас мектептегі орыс сыныптарының қатары биыл тіпті көбейген. Өйткені, жаңа оқу жылында Астанадағы бүлдіршіндердің 40 пайызы орыс тілінде оқуды таңдапты. Орыс тілінде білім алуға ұмтылу себебін көпшілік қазақ тілінің болшағына деген сенімсіздікпен байланыстырады.

Республикалық маңызды құзырлы орындардың көбінің Елордада екенін ескерсек, мұндай жағдайдың орын алуы көңілге қаяу салмай қоймайды. Ұлттың жарқын болашағы ұлт тілінде білім алудан басталатынын барша қазақстандықтар есінен шығармауы керек. Білім күніндегі бір тілек – осы.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АТА ЗАҢ - АЛТЫН ҚАЗЫҒЫМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конституция – елдің басты саяси, құқықтық құжаты. Онда Отанымыздың саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуына негіз болар барлық тетіктер жан-жақты қарастырылған. Соның арқасында Қазақстанның барлық салада елеулі жетістіктерге жетіп, іргелі елге айналғанына, құқықтық-саяси тұрғыдан дамығанына қалың жұртшылық куә. Тәуелсіздік түлеткен, Конституция қуатты салаға айналдырған құрылымның бірі – Прокуратура. Ата Заңымызда прокуратураның орны мен рөліне айрықша басымдық берілген.

Прокуратура органдарының ең негізгі міндеті – адамды, оның өмірін, құқықтарын мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету. Осындай жоғары жауаптылық, ауқымды міндет жүктелген құзырлы органның пәрменділігін арттыруға мемлекет тарапынан аз көңіл бөлініп отырған жоқ. Соның ішінде, 2022 жылдың 5 қарашасында қабылданған «Прокуратура туралы» Конституциялық заң қадағалаушы органның құқық қорғау функциясын едәуір ұлғайтқанын айта кеткен жөн.

Ерекше тоқталарлығы, «Прокуратура туралы» заңға Конституциялық заң мәртебесінің берілуімен тығыз байланысты. Бұл – еліміздің тарихында прокуратура органдарына қатысты конституциялық мәртебе берілген ең алғашқы заң. Осы заң шеңберінде прокуратура органдары қызметінің құзыреттілігі, ұйымдастырылуы және тәртібі белгіленді.

Конституциялық заң мәртебесі берілген «Прокуратура туралы» заңның салаға әкелген жаңашылдығы аз емес. Соның ішінде ең бастысы, «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 9-бабы 16-тармақшасына сәйкес, Бас прокурорға Конституциялық сотқа жүгіну

құқығы берілген. Биылғы жылдың қаңтар айынан бастап қызметіне кіріскен Конституциялық Сотқа кез келген мемлекеттік органның жүгіне алмайтыны белгілі. Сондықтан, бұл жаңашылдықты прокуратураны даралайтын, мәртебесін көтеретін, сәйкесінше жауаптылығын арттыратын ерекше мүмкіндік деп түсінген жөн.

Бұған қоса, соңғы уақытта заңсыз шетелге шығарылған активтерді қайтару мәселесі қоғамда қызу талқыланған еді. «Прокуратура туралы» Конституциялық заңға сәйкес, осы активтерді қайтару ісі прокурорларға жүктеліп отыр. Яғни, заңның 10-бабы 1-тармағының 27-тармақшасына сүйене отырып прокурорлар қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару, оның ішінде қылмыстық процестен тыс мемлекеттің мүддесін білдіру бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестірумен айналысады.

Тағы бір артықшылық, кейінгі жылдары қолға алынған бастамаларға сәйкес халық прокуратураны кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын қорғаушы деп түсінеді. Конституциялық заң прокуратураның осы әлеуетін одан әрі кеңейтті. Осылайша прокуратураға кәсіпкерлік субъектілерін тексеру құқығы берілді. Бірақ бұл құзырлы орган кәсіпкерлерді оңды-солды тексере алады дегенді білдірмейді. Заңның 3-тарауының 18-бабына сәйкес, жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру енді тек Президенттің және Бас прокурордың тапсыр-



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ, Түркістан облысының прокуроры

масымен, олардың келісімі бойынша ғана жүргізіледі.

«Прокуратура туралы» Конституциялық заң қадағалаушы орган өкілдері беретін нұсқаулардың да шеңберін кеңейтті. Айталық бұрын прокурорлар тек екі жағдайда ғана нұсқау бере алатын. Оның бірі – сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша болса, екіншісі – жедел-ізденістері қызметі бойынша берілетін нұсқау. Ал жоғарыдағы заңды бағдар еткен прокурорлар қазір әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеріс жүр-

гізуге, атқарушылық іс жүргізуге, жазаларды орындауға, прокуратураның талабы бойынша жүргізілетін тексерулерге және мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша да жазбаша нұсқаулар беруге құқылы. Бұл өз кезегінде прокуратураның пәрменін арттырды.

«Прокуратура туралы» Конституциялық заңдағы тағы бір жаңалық 32-бапта айқындалған. Осы заңды сүйенген прокурорлар бүгінде заңды бұзуға жол бермеу мақсатында түсіндірме жұмыстарын қолға алуда. Прокурорлар заң тетіктерін ауызша жеткізумен шектелмей, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында БАҚ өкілдерімен бірге заңдағы артықшылықтар мен жауаптылық туралы толық мәлімет беруде. Бұл прокуратура мен қарапайым халық арасын жалғап, билікке, күштік құрылымдарға деген сенімді нығайтады. Балаларымыз «Жақсы сөз жараны да жазады», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Ауыр істің салмағы білекке түсер, Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» дегенді бекер айтпаған. Халықтың мәселесін шешуде, елдің құқықтық сауатын көтеруде сөздің мүмкіндігі шексіз. Жылы сөз бен шынайы жанашырлық халыққа жақындататын тетік екенін қазір тәжірибе барысында байқап, бағамдап жүрміз.

Прокуратураның құзыретін кеңіткен келесі өзгеріс – қаулыларға қатысты. Бұрын прокурорлар тек тәртіптік іс жүргізуді қозғау, тексеріс жүргізу, күштеп әкелу, құқықтық актінің қолданысын тоқтата тұру немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою туралы қаулыларды ғана қабылдайтын. Мұның өзі үлкен құзырет еді. Ал жаңа өзгеріс осы құзыретті одан сайын кеңейтті.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, халықтың талап-тілегін ескере отырып дайындалған «Прокуратура туралы» Конституциялық заң еліміздің тұтастығын сақтауда және азаматтарымыздың бостандығы мен құқықтарын қорғауда ерекше құзыретке ие. Бұл заң азаматтардың, мемлекеттің және бизнес субъектілерінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудағы прокурорлардың құзыреттілігі мен әлеуетін кеңейтті. Конституцияға сүйене отырып қадағалаушы орган қызметінің жұмысын бір арнаға түсіру ел тәуелсіздігін баянды етіп, Қазақстан халқының өркендеуіне жол ашары анық. Ендеше, прокуратура органының жауаптылығын көтеріп, жұмысын бір арнаға түсіруге серпін берген Конституциямыз мемлекеттің мәңгілік бағдарына, халықтың айнымас қорғанына айнала берсін!

БАҒДАР

Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің айнымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Ата Заң мыңдаған жыл бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын, ата-бабамыздың ар мен намыстан тұратын бірлік, тыныштық идеясын өз бойына сіңірді.

ЕЛ ТІРЕГІ



Досжан ТӨЛЕНБЕКОВ, Байзақ аудандық соттың төрағасы

Конституция Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялылығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халықтық басқаруды қамтамасыз етуінен көрінеді.

Конституцияның 3-бабының 1-тармағында «мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» делінген. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екенін көрсетеді. Халықты жоғары биліктің иесі ретінде тану

– ел тәуелсіздігінің көрінісі. Ең бастысы, бұл құжат өзінің нормалары мен принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркениетті елдердің қатарына жетелейді. Сондықтан, ел болу жолындағы басты міндеттің бірі – Конституцияның құрметін арттыру болып табылады. Жалпы, еліміздің өркендеу жолына түсуіне қазіргі қолданыстағы Конституцияның жасаған ықпалы өте зор. Бүгінге дейінгі саяси, экономикалық және қоғамдағы жетістіктердің барлығы осы Конституцияның арқасы десек артық болмас. Өйткені, Конституция – барлық заңдардан жоғары тұратын, негізгі күші бар заң. Ол мемлекеттегі әрбір адамның еркін, тең, азат, бақытты өмір сүруі үшін соны қамтамасыз ететін, іс-әрекеттерін, құқықтарын айқындайтын, мүдделерін, меншіктерін қорғайтын заң болып табылады. Сонымен қатар, Конституцияда – заң шығарушы, атқарушы, сот билігі белгіленіп, олардың құзыреті, өзара іс-қимыл бірлігі заң тұрғысынан айқындалған.

Ата Заңымыз ел игілігіне жұмыс жасайтынына біз сенеміз. Өйткені, елдің жеткен биігі – біздің жетістігіміз. Жастар – тәуелсіз Қазақстанның болашағы. Құрметті аудан тұрғындары! Баршаңызды мемлекеттік мереке Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін! Тәуелсіз еліміз өркен жайып, мемлекетіміз молшылыққа, әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

Еліміз тәуелсіздік алғалы екі Конституция қабылданды. Оның бірі 1993 жылы 28 қаңтарда, екіншісі 1995 жылы 30 тамызда. Алғашқы құжат – асығыс жасалғандықтан, егемен елдің талап-тілектеріне сәйкес келмеді. Оның үстіне, көптеген баптар өзге елдердің заңнамаларына негізделіп, көшіріліп жасалғандықтан, халықтың менталитетіне сай келмейтіні бірден байқалған еді. Осыған орай, жаңа Конституция дайындау қажеттілігі туындады.

БАС ҚҰЖАТ – ТЕРЕҢ ІЗДЕНІСТІҢ ЖЕМІСІ

Бұл құжатты дайындауға жоғары мән берілді. Арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына Конституциялық құқықтық зерттеп жүрген ғалымдар, білікті мамандар, шетелдік сарапшылар енгізілді. Әлемдегі ең озық, ең сапалы Конституциялар іріктеліп, олардың оң нәтижелері зерделенді. Бүгінгі біз қолданып жүрген Конституция – үлкен еңбектің, терең ізденістің жемісі.

Ата Заңның бірінші бөліміндегі 1-баптың: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп басталуының өзі ел азаматтарына биік рух, нық сенім орнықтырғаны ақиқат. Содан болар, 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткенде, маңызды сайлауға тұрғындардың 90,58 пайызы қатысып, оның 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдап дауыс берген. Бұл халықтың құқықтық сауатының артқанын, мемлекеттің ертеңіне, өзінің болашағына немісқұрайды қарамайтынын дәлелі.



2-бөлімінде: «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп нақты көрсетілген.

Бүгінгі күнге дейін мемлекетіміздің құқықтық алаңында жүргізілген реформалардың да басты мақсаты – Конституцияда дәйектелгендей сот төрелігінің әділдігін, судья тәуелсіздігін, сот мәртебесін көтеруге бағытталған. Соның арқасында отандық сотта үлкен өзгерістер орын алды.

Кешегі сот пен бүгінгі соттың айырмашылығы жер мен көктей. Оны әсем де жайлы сот ғимараттарына, судьялар мен кеңсе қызметкерлері отырған жұмыс бөлмелеріне, сот мәжіліс залдарына, соттардың материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз етілуіне қарап анық байқауға болады. Сонымен бірге, алқабилер институты, мамандандырылған соттар, медиация, үш буынды сот жүйесі, әкімшілік әділет – қазақстандық сотта жүргізілген соңғы реформалардың жемісі. Ендеше, Конституцияның сот саласын дамытудағы ықпалы зор.

Конституция қабылданған күн – мемлекеттік ресми мерекелер қатарында. Қуатты ел болудың кепіліне айналған Конституциямыз ғұмырлы, мемлекетіміз тұғырлы болғай.

Әлия ТЕБЕРИКОВА, Тасқала аудандық сотының төрағасы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Конституциялық Соттың қызметіне кіріскеніне 8 айға жуықтады. Жаңа өзгерістерден халық хабардар ма?

– Мемлекет басшысы Конституциялық Сот құру идеясын алғаш рет былтырғы жылдың наурызында өзінің халыққа жолдауында жария еткен болатын. Осы сәттен бастап қоғам бұл жаңа органға ерекше назар аударды. Конституцияға енгізілетін толықтырулар 5 маусымда өткен республикалық референдумға шығарылып, оларды халық арасында кеңінен түсіндіру мақсатында үлкен жұмыстар атқарылды. Конституциялық Сот туралы Конституциялық заңға Республика Президенті қол қойды. Конституциялық Сот іс жүзінде құрылған соң да бұл жұмыс тоқтаған емес. Бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми сайтта, әлеуметтік желілерде түсіндіру сипатындағы материалдар орналас-тырылды. Судьялар және аппарат қызметкерлері конференциялар, семинарлар және басқа да кездесу-лерге қатысуда. Астана қаласында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерге арналған брифинг ұйымдастырылды. Еліміздің жоғары оқу орындарында тақырыптық



Бақыт НҰРМҰХАНОВ, Конституциялық Сот төрағасының орынбасары:

«КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ЕСКЕРУ МАҢЫЗДЫ»

шаралар өткізілді. Университет студенттеріне Конституциялық Сот ғимаратында дәрістер оқылды. Бұл шаралар әлі жалғасып жатыр.

– Азаматтар Конституциялық Сотқа өтініш беруде қаншалықты белсенді?

– Өткен сегіз ай ішінде Конституциялық Сотқа азаматтардан 4 мыңға жуық өтініш келіп түсті. Бұл мәселеде көш бастап тұрған Астана (580), Алматы қалаларының тұрғындары (536). Одан кейін Қостанай (313), Жамбыл (256) және Қарағанды (245) облысының тұрғындары белсенді болып тұр. Конституциялық Сот жұмысына қатысты ақпарат барлық өңірлер бойынша ресми сайтымызда үнемі жаңартылып отырады.

– Өтініш беруде азаматтар қандай қателіктерге жол береді? Олардың алдын алу үшін не жасалып жатыр?

– Келіп түскен өтініштердің саны әртүрлі. Заңмен бекітілген талаптар сақтала отырып, жоғары дәрежеде, тек мәселені көрсетіп қана қоймай, ол жайындағы озық шетелдік тәжірибені, халықаралық құқық қорғау органдарының шешіміне сілтемелер жасай отырып жазылған өтініштер бар.

Азаматтар тарапынан жол беріліп жатқан қателіктер арасында дауланған норманы нақты көрсетпеу, проблемасын сипаттай келе, қоятын талабын анықтамау, істе дауланған норманың қолданғанын растайтын сот шешімін қосымшада бермеу, өкілінің сенімхатының болмауы немесе оның ескіруі, басқа мемлекеттік органдардың құзырына кіретін сұрақтар қою және тағы басқалар кездеседі.

Әу бастан Конституциялық Сот азаматтарға өз өтініштерін сауатты және сапалы дайындау үшін бірқатар шаралар қабылдады. Өтініштердің үлгілік нысандары әзірленіп, жарияланды. Ғымаратымызда арнайы стендтер жасалды, оларға аталған үлгілер орналас-тырылды. БАҚ-та сотқа жүгіну тәртібі мен ережелеріне байланысты ақпараттар жарияланып отырады. Мыңнан астам адвокат пен заң консультантының қатысуымен вебинарлар өткізілді. Оның материалдары адвокаттар алқасы мен заң консультанттары палаталарының электрондық ресурстарында жарияланды. Бұл жұмыстардың нәтижесін біз көріп отырмыз. Олар азаматтар өтінішінің сапасына оң әсерін тигізгені сезіледі.

– Конституциялық Сотқа жолданған арыз, өтініштер-

дегі мемлекеттік тілдің үлесі қандай?

– Осы уақытқа дейін Конституциялық Сотқа 1156 өтініш мемлекеттік тілде түсті. Сәйкесінше Конституциялық Сот аппараты алдын ала қарау барысында оларға жауапты қазақ тілінде жіберді.

Конституциялық заңға сәйкес, конституциялық іс жүргізу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Конституциялық Соттың отырыстарында ілеспе аударма қамтамасыз етілген және оның шешімдері қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану, жеке өміріне қол сұғылмаушылық, сыбайлас жемқорлықпен күрес және тағы басқа мәселелерге қатысты.

Жалпы, өтініштерде үш конституциялық заңның, он кодекстің, жиырма заңның, Жоғарғы Соттың он төрт нормативтік қаулысының, екі Үкімет қаулысының және бес орталық мемлекеттік органның нормативтік сипаты бар бұйрықтардың ережелері дауланды.

– Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдар көп пе? Қандай сәйкессіздік-

жағдайда ғана конституциялық емес деп танылады.

Конституциялық Сот жиырма бес нормативтік қаулы қабылдады. Олардың бесеуінде қаралған құқықтық норма конституциялық емес деп танылды. Айталық, ақпан айында Салық кодексінің соттардың шешімдері мен қаулыларын кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы Жоғарғы Сотқа берілетін өтінішхаттар бойынша төленетін мемлекеттік баждың мөлшерін реттейтін нормасы ішінара Конституцияға қайшы келеді деп танылды (610-баптың 2-тармағы). Конституциялық Соттың пікірінше, мемлекеттік баж мөлшері азаматтың сотқа жүгінуіне тосқауыл болмайтындай ақылға қонымды, негізделген, шамалас болуға тиіс. Сотқа жүгіну адамның мүлкіктік жағдайына орай қиын болған кезде мемлекеттік баж төлеуден толық немесе ішінара босату, оны төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу және басқа да шаралар сот арқылы қорғалуға конституциялық құқықты іске асырудың құқықтық құралына жатады. Қазіргі таңда бұл тетіктерді заңнамаға енгізуді көздейтін заң жобасы әзірленді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңның

дың толық нұсқасы көпшілікке қолжетімді.

– Заң конституциялық емес деп танылған жағдайда сот шешімдері қандай тәртіппен қаралады?

– Конституциялық Сот туралы Конституциялық заңда соттардың және өзге де құқық қолдану органдарының сондай заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды және белгіленген тәртіппен қайта қаралуға тиіс делінген.

Бұрын қабылданған сот шешімдерін қайта қарау тәртібі процесік кодекстерде реттелген. Ол істің сипатына байланысты. Айталық қылмыстық іс бойынша үкім жайлы болса, Қылмыстық процесік кодекске сәйкес (53-тарау), сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Конституциялық Соттың конституциялық емес деп таныуы қажетті жағдайда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негізіне жатады.

Айыптау үкімін осындай мән-жайлар бойынша сотталған адамның пайдасына қайта қарау ешқандай мерзімдермен шектелмеген. Істі қайта қарау туралы бұндай өтінішхатты сотқа беру құқығы сотталған адамға, жәбірленушіге немесе олардың заңды өкілдері мен қорғаушыларына, сондай-ақ прокурорға тиесілі. Олар сот отырысына қатысуға құқылы. Өтінішхат қанағаттандырылса, сот үкімнің күшін жояды. Себебі, Конституциялық Сот іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда, қылмыстық іс тоқтатылуға жатады.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша тиісті нормалар Азаматтық процесік кодексте (55-тарау) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте (47-тарау) қарастырылған.

– Конституциялық Сот жанынан құрамына түрлі құқықтық сала ғалымдары кірген ғылыми-консультативтік кеңес құрылған екен. Кеңес тарапынан қандай жұмыс жүргізілуде?

– Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуде ғылымның жетістіктерін жан-жақты ескеру өте маңызды. Осы мақсатта Конституциялық Сот жоғары оқу орындары және ғалымдармен тығыз қарым-қатынас орнатуға үлкен мән беруде. Сот жанынан құрылған ғылыми-консультативтік кеңеске отыз алты ғалым кірді, олардың арасында отыз екі заң ғылымдарының докторлары бар.

ФКК қазіргі заманғы конституционализм проблемалары, конституциялық заңнаманы және оның қолданылу практикасын жетілдіру, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыру, конституциялық құндылықтарды насихаттау, конституциялық заңдылық мәселелері бойынша азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұсынымдар енгізеді. Олар Конституциялық Соттың маусым айында жария етілген алғашқы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын дайындауда пайдаланылды. ФКК кейбір мүшелері жекелеген өтініштер бойынша сараптамалық қорытындыларын берді.

– Алдымызда Конституция күні келе жатыр. Оқырман-дарға тілегіңіз қандай?

– Ата Заң күні – ерекше мемлекеттік мереке. Соған орай бірінші кезекте Конституцияның мәнін, мазмұнын терең түсініп, әрі қарай іске асыру жолдарын талқылауға пайдалану керек. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі шаралар өткізіліп жатыр: форумдар, кездесулер, жаңа әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерді ашу, мәдени, спорттық додалар және т.б. Олардың барлығы тиісті конституциялық принциптерден бастау алады.

Мүмкіншілікті пайдалана отырып, оқырмандарды Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын. Дендеріне саулық, істеріне сәттілік, отбасыларына бақ-береке тілеймін.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

ШАРА

АЗАМАТТАР ӨТІНІШІН ҚАБЫЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Конституция күні қарсаңында ҚР Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Азимова Бас редакторлар клубының мүшелерімен кездесті.

Шара барысында Төраға конституциялық іс жүргізуге қабылданған өтініштер мен конституциялық бақылау аясында жоспарланған шаралар

туралы айтып берді. Ал төрағаның орынбасары Бақыт Нұрмұханов жаңа жылдан бері жанартылған форматта жұмыс істеп жатқан Конституция-

лық Соттың қызметінен хабардар етті. Төраға Конституциялық Сот ғимаратын таныстыру үшін экскурсия өткізіп, шағын және үлкен мәжіліс залы, кітапхана, баспасөз орталығын көрсетті.

Сондай-ақ, шара барысында Конституциялық Соттың азаматтардың өтініштерін қабылдау орталығының салтанатты ашылуы өтті. Орталық өтініштерді қабылдау және бастапқы қарау, өтініштерді рәсімдеу, КС-ге өтініш беру тәртібі туралы ақпарат беру бойынша қызмет көрсетеді.

Орталықта құту залы, өтінішті қабылдау кеңсесі, өзіне өзі қызмет көрсету аймағы, сот отырыстары туралы ақпараты бар стенд ілінген.

Бас редакторлар клубының мүшелері жанартылған КС мұражайының ашылуына да куә болды. Төраға мен «Қазақ газеттерінің» бас директоры Дихан Қамзабекұлы және Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай мұражайдың ашылу лентасын салтанатты түрде қиды.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

– Қандай заңдарға халықтың көңілі толмайды?

– Азаматтар бірінші кезекте күнделікті өмірде өздерінің құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын заңдарды даулайды. Олар әлеуметтік қорғау, қылмыстық жауаптылық, алдын ала тергеу, сот ісін жүргізу, мемлекеттік, әскери, құқық қорғау және басқа да қызмет түрлеріне түсуге қойылатын талаптар, мемлекеттік органдардың және

тер анықталғанын кеңірек айтып берсеңіз?

– Халықаралық тәжірибеде конституциялық бақылау органдары заңның конституцияға сәйкестігі презумпциясын ескереді. Өйткені, кез келген заң күрделі заң шығару процесінен өтіп, көптеген мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың қатысуымен қабылданған акт. Сондықтан ол Ата Заңның талаптарын өрескел бұзған

лым жоғары құқықбұзушылықтар жасаған адамдардың жағдайы тәртіптік теріс қылықтарға жол берген азаматтардан жақсы болып шықты. Өз шешімінде Конституциялық Сот тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық шараларынан туындайтын құқықтық шектеулердің мөлшерлестігі болуы тиіс деп қаулы етті.

Аталған Конституциялық Соттың шешімдері жария етілген. Олар-

ТИРЕК

ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ



Е.АЛИПКАЛИЕВ, Жәнібек сотының төрағасы

ҚР Конституциясы – мемлекетіміздің басты заңы. Елімізде қабылданған заңдар, нормативтік құқықтық актілер Ата Заңымызға қайшы болмауы тиіс, яғни еліміздегі барлық заңдардың негізгі қайнар көзі Конституция. Конституция – еліміздің шынайы өмірі мен әлемдік деңгейдегі бедел айғағы. Ел тәуелсіздігіне, татулығына қызмет көрсетіп келе жатқан Ата Заңымыздың болашағы бұдан да зор болатынына барлық қазақстандықтар сенеді.

Адам өзінің құқығы мен бостандығын Ата Заңсыз елестете алмайды. Кез келген азамат өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін Конституцияға сәйкес, сот билігінің көмегімен қорғай алады.

Конституцияның болуы – билік институттарының заңдылығы, құқық тәртібі және тұрақтылығының міндетті шарты. Конституция мемлекеттік билікті жүзеге асыруға, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекет құрылымы және басқару нысанына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

ҚР Конституциясы – мемлекеттің ұлттық заңнамасының негізін қалаушысы. Ата Заңымыз арқылы тәуелсіз Қазақ елін әлемге таныттық. Бүгінгі еліміздің тыныштығы, тұрақтылығы Конституция нәтижесі.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

ХАЛЫҚТЫҢ ТАҢДАУЫ

Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына – 28 жыл. Қазақстан Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда таңдалған. Содан бері еліміздің бас құжаты халқымыздың құқығының қорғалуына толықтай қызмет ететін басты құжатқа айналды. Осы жылдар ішінде Ата Заңымызға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Өйткені, уақыт ағымына сай, халқымыздың да құқығын қорғау мүмкіндіктері жетілдірілді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі саналады. Басқа заңдардың барлығы Конституциямыздан бастау алады және оның әлеуеті өте зор. Ол арқылы биліктің үш тармағына, яғни атқарушы билік, заң шығарушы билік және сот билігінің әрқайсысының қызметін анықтап бекітті. Ата Заңымыз елдің берекесі бірлігінің, тұрақтылығының көрінісі. Мәселен, кейбір көптеген елдерде Библияға қол қойып ант береді. Ал Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, бізде Мемлекет басшысы Ата Заңымызға қол қояды. Мұндағы дәстүрдің мәні Президент заңға құрметпен қарайтындығын білдіреді.

Атап өтер жайт, Конституциямыздың жобасын талқылауға ел халқы да жұмылдырылды. Ресми деректерге қарағанда, еліміз үшін басты құжатты талқылау ісіне 3 млн 345 мың адам қатысты. Қарапайым халық тарапынан 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і Конституция жобасына енгізілді. Осылайша, сан мәрте сүзгіден өтіп, жетіспеген жері толықтырыла түскен Конституциямыз 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды. Дәл осы заңымыздың қабылдануына Қазақстанда дауыс беруге құқы бар сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысып, оның 89,14 пайызы қолдаған болатын. Барша қазақстандықтардың белсенділігінің арқасында жаңа Ата Заң өмірге келді. Содан бері Ата Заңымыз – мемлекеттің тірегі, тәуелсіздіктің реңі. Демократиялық даму жолына түскен кез келген елде Заң мемлекеттіліктің, құқық үстемдігінің, тұрақтылықтың негізі. Заңы үстем елдің заманы қашан да тыныш болмақ.

Салима БАКИЕВА, Алмалы аудандық №2 сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КИЕ

«Тіл – ұлттың жаны. Тілінен айырылған ұлт – жойылған жұрт» – деп Х.Досмұхамедұлы айтпақшы, тіл біздің ұлттық қазынамыз, рухани байлығымыз, ұлтымыздың жаны.

Әлемдегі қаншама ұлтты бір-бірінен ерекшелейтін тілі – сол ұлттың тірегі саналады. Себебі, сол тілде алғаш сәбидің былдырлап тілі шығып, тарихы қағазға түсіріледі емес пе?! Ал, ұлы даланың ұлы халқын өзге мемлекеттерден өзгешелендіретін басты белгісі – қазақ тілінде. Қазақ тілі анамыздың ақ сүтімен, бесік жырымен бойымызға дарып, осы тілде алғаш әліпби таныдық. Отбасымыздан басталып, Отан аясында өрбитін мемлекеттік тілімізді жоғалтуға еш хақымыз жоқ.

Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі көрсетіліп, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы жазылған. Ал, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 4-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екендігі нақтыланған. Өкінішке орай, ата-бабамыз көздің қарашығындай сақтап, ұрпағына аманат-

САРАП

ОРЫСША СӨЙЛЕУ ЕМЕС, ОЙЛАУ ҚАУІПТІ

Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті! Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру көзделеді. Мемлекет басшысы нақты шаралар негізінде еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау және қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту қажеттігін атап өтті.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 14-бабында сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қоюда берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар беру, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу; осы кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Сот азаматтық сот ісін жүргізуде сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдарға заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді. Сот іске қатысатын адамдарға сотта сөйлейтіндердің басқа тілде сөйлейтін бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударуды тегін қамтамасыз етеді.

Іске қатысатын және сот ісін жүргізу тілін білмейтін, істегі құжаттарды беру туралы жазбаша түрде өтініш берген адамға сот құжаттары өзінің ана тіліне немесе ол білетін басқа тілге аударылып табыс етіледі.

Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін тараптар мен іске қатысатын басқа да адамдар ұсынатын, сот ісін жүргізу тілінде дайындалмаған құжаттарға сот ісін жүргізу тіліне аудармасы қоса берілуіне тиіс.

АПК-нің 57-бабына сай азаматтар өз істерін сотта жеке өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іске өзінің қатысуы оны бұл іс бойынша өкілінің болу құқығынан айырмайды. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою

таған тіл мәселесі күн тәртібінен түспей келеді.

Осы орайда, соттардағы мемлекеттік тіл мәселесіне тоқталып өткенді жөн санаймын. «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев «Мемлекет басшысының қазақ тілін ұлтаралық тіл деңгейіне шығару керек деген ойын сабақтай отырып, тілімізді өз тұғырына қондыру – баршамызға ортақ міндет. Өкінішке орай, сот процестерінің 70 пайызы орыс тілінде жүргізіледі», – деген еді. Елімізде заңнамалардың алдымен орыс тілінде әзірленіп, одан кейін қазақ тіліне аударма жасалуы да жығылғанға жүдырық болып тұр. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен мекемелердің, тараптардың басым бөлігінің сотқа талап қоюларды орысша жолдауы да аталған мәселені күрделендіре түсуде.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес, азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылса, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Аталған

процестік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою берілген тілде іске асырылады. Осы орайда, мемлекеттік органдардың сотқа талап арыздарды орысша жолдауы, заңгерлер мен адвокаттардың алдына келген адамға орысша үлгі беруі, яғни талап арыздарды көбіне орыс тілінде ұсынатыны жиі байқалады. Тіпті, тәжірибеде орыс тілінде бір ауыз білмесе де талап қоюды сол тілде беріп, процесс барысында ойын қиналып жеткізе алмайтындардың кездесетіні жасырын емес. Әрине, қазақшылықты қаймағы бұзылмай, салт-дәстүрі сақталған Маңғыстау өңірінде мемлекеттік тіліміздің мәртебесі биік. Өңір соттарымен мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты семинар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, соттың шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі құжаттар, іс-шаралар мемлекеттік тілде жүзеге асырылып келеді.

Қорыта айтсақ, туған тіліміздің аяғын тұсап, бағын байламас үшін әрбіріміз қазақ тілінде сөйлеуіміз қажет. Сондықтан, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – демекші, мемлекеттік тілді меңгеру, құрмет көрсету, қастерлеу әрбір ел азаматының парызы болып қала береді.

Аида АТАШЕВА, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы



Гаухар ОРАЛБАЙ, Ақтөбе қалалық сотының судьясы

сы талабы тараптар арасындағы шартты жарамсыз деп тануды сұраған. Істі жүргізу тілі – орыс тілі, себебі, талап орыс тілінде берілген. Сот талқылауы барысында жауапкер орысша білмейтіндіктен шартты мәнін түсінбегендігімен негіздеген, алайда, сот талқылауында жауапкер қазақ тілін толықтай меңгермегенін, өзінің күнделікті тұрмыста аудармашы ретінде қабылдаған азаматы қазақ тілін толықтай білмейтіндігі, орыс тілін жақсы білетіні анықталды, оған қоса өкілі де орыс тілін ғана меңгерген.

Келесі мысал, талап қою қазақ тілінде сотқа жолданған, кейін талап қоюшының өтініші бойынша орыс тіліне ауыстырылды, себебі, талап қоюшының өкілі қазақ тілін білмейді. Сондықтан, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына тіл мәселесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп санаймын.

Адвокат немесе заңгер болуға ниет білдерген әрбір азаматтың аттестациялау кезінде міндетті түрде қазақ тілін білу деңгейін анықтау қажет. Егер де қазақ тілін жеткілікті деңгейде білмеген жағдайда лицензия беру мәселесін қазақ тілін тиісті деңгейде меңгергенге дейін кейінге қалдыру қажет.

Сот немесе прокурор қазақ және орыс тілдерін білуге міндетті, ал, заңгерлерге тілдерді бірдей деңгейде білу міндеттелмеген. Бұл, заңшығарушы органда жіберілген олқылық деп санаймын. Себебі, Қазақстанның әрбір азаматы қазақ тілін тиісті деңгейде білуге міндетті!



ТҰҒЫР



ӨЗЕК

МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Конституция елдің негізгі заңы ретінде Қазақстан халқының ерік-жігерін, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде елді бекітуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Республика қызметінің негізгі қағидаттары: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Қазақстан азаматтарына тегіне, нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне қарамастан немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша құқықтар мен бостандықтардың теңдігіне кепілдік беріледі.

Саяси, экономикалық және әлеуметтік күн тәртібінің өзгеруіне байланысты Конституцияға уақыт тенденцияларына

азаматтың және мемлекеттік билік субъектісінің кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері ҚР Конституциясында нақты бекітілген. Оларды сапалы әрі тиімді іске асыру мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті болып табылады, өйткені ол даму мен тұрақтылыққа, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Біз бұл актімен іс жүзінде жаңа мемлекеттің негізі Қазақстан Республикасы әлем картасында қаланды деп мақтанышпен айта аламыз.

Тарихта және әлемдік тәжірибеде қазіргі заман үшін осындай оқиғалар өздерінің қоғамдық-саяси және тарихи маңыздылығына байланысты елде негізгі мерекелерге айналды.

Өзінің ауқымы бойынша бұл тарихи оқиға мемлекет пен қоғамның негізгі заңы, және бүкіл халық үшін жалпы ауқымы бойынша жалпыұлттық болып табылатын мемлекеттік мереке. «ҚР мерекелер туралы» ҚР 2001 жылғы 13 желтоқсандағы заңымен бұл күн мемлекеттік мерекеге жатқызылды. Осылайша, Конституция күні – мемлекеттік деңгейдегі мереке. ҚР Конституциясы біздің бостандығымыздың негізі.

Ақмола облысының Әділет департаменті

Мемлекеттік тіл – халықтың болмысы, тарихы және тағдыры. Ұлттың ұлт болып сақталуы тілдің ұмытылмауына, ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жалғасуына байланысты.

«ТІЛДЕН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ...»

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, сақтау және маңызын арттыру қай мемлекетте болмасын өзекті. Біздің елімізде де тілге қатысты қиыншылықтар кездесіп келеді. Оның ішінде сот саласында мемлекеттік тілдің көп қолданылмауы. Оның себептерінің бірін айтар болсақ, «ҚР тіл туралы» заңының 11-бабында «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі» деп атап көрсетілген. Осы заң талаптары біздің сотта орындалуда.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының талаптарын орындау мақсатында көптеген шаралар өткізіп келеді. Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелерде дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде судьялардың, кеңсе мамандарының мақалалары жарияланды, телеарна, радиоларда сұхбаттар берілді.

Мәселен, жақында Ақтөбе облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот алқаларының бастамасымен мемлекеттік тілдің азаматтық және әкімшілік сот процестерінде қолданылу мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: мемлекеттік тілдің заңмен бекітілген мәртебесін көтеріп, қолданылу аясын кеңейту және Президенттің жолдауларында аталған тұжырымдарды іске асыру.

Ақтөбе облыстық сотында «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты әдеби шығармашылық кеш ұйымдастырылып, қалалық және мамандандырылған соттардың судьялары мен мамандары ақын, жазушылардың, қазақ әдебиетінің



Анар ШЕКЕНОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

классиктерінің шығармаларынан үзінді оқыды. Әдеби кештің нәтижесі бойынша біздің соттан судья Мария Шарипова «Мемлекеттік тілдегі ең үздік сот үкімі» номинациясына, аға сот приставы Айдос Қошаев «Үздік дуэт» номинациясына ие болды.

Үнемі кеңсе мамандары арасында семинарлар өткізіліп отырады, семинарда қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің барлық салада қолданылатыны, әрбір мемлекеттік қызметші тілдің беделін нығайтуға және іс жүргізу кезінде заңнама талаптарын қатаң сақтауға міндетті екендігі айтылып отырады.

Жоғарыда аталған шаралар мемлекеттік тілдің өркендеуіне және жоғарылауына оң ықпалын береді деген ойдамын.



АЙМАҚ

ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРІ АЙМАҚТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ТАНЫСТЫ

Сайын даланың ақбөкені ауыл шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіріп жатыр. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» дегендей, батысқазақстандық шаруалардың бұл мәселені айтып жүргеніне төрт жыл болды. Алайда мәселе әлі күнге дейін шешімін табар емес.

Экология министрі Зүлфия Сүлейменованың Батыс Қазақстан облысына сапары кезінде тұрғындар осы мәселені тағы көтерді.

Жыл санап көбейіп, далаға сыймай жатқан киіктер шаруалардың еткен егістерін, жайылымдарын тұяқтарымен тып-тыпыл етіп, шабындықтың шаңын шығарған. Арнайы комиссия 1300 қожалыққа 7,9 млрд теңге шығын келгенін анықтады. Бірақ келген залалды қай министрліктің өтейтіні белгісіз.

– Саралшы-мамандар мамыр айында Батыс Қазақстан, Ақмола облыстарына барып келді. Осыған байланысты тиісті ауыл шаруашылығы мен киіктердің арасындағы шиеленісті шешу бойынша бірқатар ұсыныстар берілген болатын. Қазіргі таңда біз Жаңгір хан атындағы университетпен бірге киіктердің популяциясын тұрақты пайдалану бойынша іс-шараларды қалыптастырып жатырмыз. Олар қалыптасып болғанын міндетті түрде қосымша жариялайтын



боламыз, – деді ҚР Экология министрі Зүлфия Сүлейменова.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстандағы шешімін таппай келе жатқан басты мәселенің бірі – су тапшылығы. Осыған орай жүздесуде Жайық өзенінің жайы да талқыланды. Өңір үшін маңызды болып табылатын Жайық-Шалқар және Азынабай-Тайпақ арнасын аршып, осы арық бойынан Ақжайық ауданындағы 320 мың гектар жерде мал шаруашылығын дамыту, Қамыс-Самар экожүйесін қалпына келтіру, жылжымалы шлюз қою арқылы Жайықтан Киров-Шежин жүйесіне алынатын су көлемін көбейту мәселелерін шешу мақсатында арнайы комиссия құрылмақ.

– Оған Су ресурстары комитетінің, «Қазсушардың», жергілікті әкімдіктің адамдары кіріп, нақты жаратылыстану

негіздемесін жасап, әрбір инфрақұрылым бойынша оның жағдайына байланысты тиісті ұсыныстар мен жалпы су экосистемасын тұрақты пайдалану бойынша іс-шаралар кешенін қалыптастыратын боламыз. Ал шлюз жөнінде Атырау, Маңғыстау облысының пікірін сұрау керек, Каспий экожүйесіне әсерін зерттеу қажет, – деді министр.

Сонымен қатар жиында қоңыр өңдеу, Жайық өзенінің түбінен құм-киіріштік тас өндіру мәселесі, Капустин Яр полигоны іргесінде мекен еткен жергілікті тұрғындарға әлеуметтік төлем мәселелері де көтерілді.

Экология министрі өңірге сапары барысында БҚАТУ базасындағы киік тәлімбағының қызметімен танысты.

А.АХМЕТОВА, «Заң газеті»



БІР МҮДДЕ

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

Бүгінгі күннің бір талабы – мемлекеттік тілді жетік меңгеру. Бұл ретте Алакөл аудандық №2 соты ұжымын үлгі тұтамыз. Сот істері толығымен мемлекеттік тілде түсіп, ана тілінде жүргізіледі. Қазақ тілін өте сауатты меңгерген судьялар мен сот мәжілісінің хатшылары төл міндеттерін мінсіз атқаруда.

Негізі ана тілінде таза сөйлеу, қатесіз жазу мектептен басталатыны белгілі. Өзім хатшылық жұмысыма бірер сағат, тіпті, бір күн бұрын дайындаламын. Сот тыңдауы, сот отырысына кірерде талапкерлер мен жауапкерлердің, куәлардың аты-жөндерін дұрыс айтып, жазуға қалыптасқанмын. Бұл қадамды адамдарға құрмет, ілтипат көрсетудің бастауы деп санаймын. Бұл ретте өзін жазылып, тұрақты оқитын республикалық «Заң газеті» сенімді серігіме айналды. Сот жүйесіндегі жаңалықтарды білумен қатар әріптестерімнің мақалаларын үзбей оқимын. Басқа облыстардағы сот хатшылары, яғни мамандар мақалаларынан түйенімді өзімнен бастап, бірге қызмет істейтін әріптестерімнің күнделікті жұмыстарын салыстырамын. Сонда қазақ тілінің бай, мағынасы терең екендігі айқын көрінеді. Сауаттылық та, жауапкершілікті жете сезіну де бір мақаладан, тіпті бір сөзден білінеді. Иә, біздің жұмысымыз жауапкершілікті талап етеді. Ол жақсы. Біріншіден, адам өзін өзі тәрбиелейді. Екіншіден, сотқа шақырылатын адамның аты-жөнін дұрыс жазбасаңыз, белгіленген уақытынан кешіктірісеңіз түрлі мәселелер бірінен кейін екіншісі туындап отырады. Сондықтан интернетті жақсы меңгеру керек. «Сот кабинеті» арқылы хабарламаларды дер кезінде салып отырыңыз. Сонда хабарламаны алушының аты-жөні, электронды поштасы, хабарлама түскен жылы, айы-күні анық жазылып тұрады. Бұл уақытты ұтатын қадам. Нақтылық, Барлығы анық жазылып тұр. Тек қазақ тілін жетік меңгеріп, дұрыс пайдалана біліңіз. Бұл ана тіліне жасалған қамқорлық. Ең бастысы қазақ тілінің қажеттілігін көрсетеді.



Диана САТЫБАЛДИНОВА, Алакөл ауданы № 2 сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

